

**6D010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша
PhD докторант Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстандағы
гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)»
тақырыбындағы философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін орындалған диссертациясының**

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбы: Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)

Зерттеудің мақсаты: 1991-2017 жылдарда Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи-педагогикалық тәжірибелерін негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

- білім беру жүйесіндегі гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздерін анықтау (1991-2017 жж.);

- 1991-2017 жылдардағы Қазақстандағы гимназия және лицей мектеп тәжірибелерінің құрылымдық мазмұнындағы заманауи бағыттарын талдау;

- 1991-2017 жылдар кезеңіндегі Қазақстанда гимназия және лицей мектептерінің педагогикалық үдерісінің құрылымы мен оның мазмұндық сабақтастығын анықтау;

- Қазақстандағы 1991-2017 жылдарда гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуына бағытталған Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы элективті курсты енгізу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- Қазақстандық білім беру тарихындағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздегі мәселелерін зерттеу нәтижелері (1991-2017 жж.);

- Қазақстандағы 1991-2017 жылдарғы гимназиялар және лицей типіндегі мектептерде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздегі пікірлерді қоғамдық-әлеуметтік және ұлттық мәдени тұрғысынан жүйеленеді;

- 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінде мазмұндық құрылымдық жүйесіне ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау және бүгінгі ұласымдылық байланысы негізделеді;

- зерттеуге алынған 1991-2017 кезеңдерде гимназия және лицей мектептерінің мазмұндық құрылымы және олардың қалыптасуы мен дамуындағы педагогика тарихының мазмұнын толықтыруға бағытталған Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы элективті курстың маңызы және оның тиімділігі ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіруде эксперимент тұрғысынан дәлелденеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- білім беру жүйесіндегі гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздері анықталды (1991-2017 жж.);

- 1991-2017 жылдардағы Қазақстандағы гимназия және лицей мектеп тәжірибелерінің құрылымдық мазмұнындағы заманауи бағыттары талданды;

- 1991-2017 жылдар кезеңіндегі Қазақстанда гимназия және лицей мектептерінің педагогикалық үдерісінің құрылымы мен оның мазмұндық сабақтастығы анықталды;

- Қазақстандағы 1991-2017 жылдарда гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуына бағытталған Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы элективті курсы енгізіліп, эксперименттік-тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жүргізуде тиімділігі дәлелденді және ғылыми негізделген ұсыныстар берілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

-Қазақстанда гимназия және лицей мектептерінің тарихнамасына жүйелік сипаттама беріліп, жаңашыл болып табылатын мектептердің құрылуына өзек болған жағдаяттарды талдап, тарихи-педагогикалық негіздерін анықтауға болады (1991-2017 жж.);

- 1991-2017 жылдар арлығында Қазақстанда құрылған гимназия және лицей мектептерінің ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, ғылыми жүйеге келтіріліп тұжырымдамалық тұрғыдан талдауға алынады;

- Кеңес үкіметі мен егемен Қазақстан 1991-2017 жылдар кезеңіндегі білім беру саясаттарының жүйесінде құрылған гимназия және лицей мектептерінің педагогикалық мазмұндық құрылымдарының қазіргі осы типтес мектептермен сабақтастығына талдаулар жасау арқылы олардың өзара байланысы анықталады;

- Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық тәжірибесіне енгізу және оның тиімділігін анық-нақтылы тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы дәлелдеп, тарихи-теориялық бағыттағы педагогикалық білімнің мазмұнын жетілдіруде жүзеге асырылады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

Диссертациялық ізденушілік жұмыста қолданылған және зерттеушілікке қатысты нақты деректік мәліметтерді басшылыққа алу арқылы, тарихи-педагогикалық мазмұндағы ой-тұжырымдар, КСРО үкіметінің соңғы кезеңдеріндегі құрамында болған қазақ елінің 1991 жылдарға дейінгі кезеңнен бастап, 1991-2017 жылдардағы яғни, егемен мемлекетіміздің алғашқы жылдарындағы білім жүйесіндегі өтпелі кезеңдер гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуына қатысты. Сондай-ақ, отандық оқу-тәрбие барысындағы білім тарихын жалпы зерделеуде, оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдар ретінде, жоғары оқу орындарының білім бағдарламаларын дайындауда, ЖОО-да педагогика тарихы пәнінің курсын өткізуде және отандық білім берудің тарихы жайындағы «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы элективті курстың бағдарламасындағы түйінделген ой-пікірлер негізінде педагогика тарихының мазмұнын жетілдіру бағытында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4-тарау, 18-бабында: «Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған» деп көрсетіледі. Еліміздегі гимназия,

лицейлердің білім беру үдерісі мамандандырылған бағытта жұмыс жасайды. Аталмыш құжатта көрсетілгендей, гимназия және лицей мектептерінің осы кезеңдік жылдардағы қалыптасу мен даму тарихын зерделеп қарастыруда Қазақстанның қоғамдық сұранысындағы мазмұндық құрылымын қайта құруға алып келіп, орта білім беру жүйесінде техникалық, жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық білім беру бағытында топтастырулар мен бағдарлық мақсатында басымдыққа ие оқу-тәрбие мекемелері арасында өзара бәскелесіктік туып, олардың педагогикалық қызметтерінде сапалылық деңгейлерінің артуы орын алғандығын негіздеуге болады.

Сондай-ақ, бұл бағыттағы ресми құқықтық ережелердің жалғасын - 1995 жылғы Қазақстанда жаңа Конституция, ҚР 1992 жылға «Білім беру туралы» жаңа Заңы (1999 ж. 7 маусым) және 2007 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына толықтырулар енгізу т.б. ресми құжаттарды басшылыққа алып, осылардың аясында білім беру мен оқытуда дамытуды реттеуде. Заңға сәйкес бұрынғы талаптық-құқықтық ережелер негізі жаңартылып, мемлекеттік білім беру саласын реформалаудағы «Білім» бағдарламасының жасалуы және «Қазақстан Республикасы гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелер», «Білім беру қызметін лицензиялау ережесі», «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ереже» өмірлік тәжірибеде орын алған болатын. Бұндай үкімет тарапынан қабылданған құжаттар негізі Отандық білім беруді дамытудың бағыт-бағдарын анықтауда маңызды.

Зерттеу тақырыбына арналған ғылыми ізденушілік жұмыста бізге дейінгі жұмыстарда гимназия және лицей мектептерінің мазмұндық құрылымдарына байланысты нақты бағыттық жүйелеген жұмыстардың әлі де болса толық еместігі орын алуда. Бірақ, Қазақстандағы мектептер, гимназия және лицей мектептері, ұлттық мектептер т.б. қалыптасуы мен дамуы жайында орындалған зерттеушілік жұмыстар бар. Қазақстандағы мектеп жүйесі мен оның типтері жайында отандық зерттеулерде олардың қалыптасуы мен дамуын жалпы қазақ білімді беру жүйелеріне тарихын түсіну аясында қарастырылады. Бұл ретте ресми қабылданған заңдық-құқықтық күші бар құжаттар топтамасы негіз болады. Олар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы (2019.30.07.) берілген өзгерістер мен толықтырулар. «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы болып табылады. Бұл айтылған құжаттар зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы: диссертациялық зерттеудің мазмұны бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің саны – 12, оның ішінде Скопус базасында – 1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында – 8 мақала, зерттеу жұмысына қатысты авторлық куәлік - 1 жарық көрген.

1. Қазіргі қоғамдағы инновациялық мектептердің ерекшеліктері. «Рухани жаңғыру – Қазақстанның серпінді дамуының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары., Талдықорған, І.Жансүгіров ат. ЖМУ. 2018, 57-60 бб.

2. Қазақстандағы заманауи гимназиялық білімнің даму мәселелері.

Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №1 (74), 2019, 38-41 бб.

3. Траектория развития системы образования лицеев: сравнительный анализ Казахстана и зарубежных стран. Центр наукових публікацій Збірник наукових публікацій, IV Міжнародна конференція «наука в епоху дисбалансів», (м. Київ | 30 листопада 2018р.), 2 частина - С. -38-44.

4. Қазақстандағы жаңа үлгідегі білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі., №2 (77), 2019, 89-92 бб.,

5. Основные направления учебно-воспитательного процесса в лицеях и гимназиях. Инновационный потенциал развития науки в современном мире «НИЦ Вестник науки» Уфа, 31 октября 2019 г., Часть 3, С. 27-37.

6. Развитие университетского образования в аспекте подготовки студентов оканчившие лицей и гимназии «Сборник с научни доклади» (трета книга)., - Болгария, Издателство; ЕКС-ПРЕС, 2019., - С. 161-166.

7. Публично-социальный характер создания в Казахстане образовательных учреждений типа лицей и гимназии "Prospects for the Development of Modern Science" Materials of the V International Scientific-Practical Conference Международная конференция, - Сеул, Корея , 11-13 март 2020г., -Часть 2,-С.115-123.,

8. History of Formation of Lyceums and Gymnasiums in Kazakhstan and Peculiarities of their Educational Activities Talent Development & Excellence Vol.12, No.1, 2020, -495-506 pp.

9. Content system of the lyceum and gymnasium educational program. BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY, - №4,(100) - 2020, - 55-62 pp.,

10. Innovative features of education in Kazakhstan's Lyceum-Gymnasium Cypriot Journal of Educational Sciences, 17(1), -2022, -159–173 pp. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6693>

11. «История появления первых лицеев и различия в образовании в современности». Образование от «А» до «Я» научно – практический журнал. – 2024.–№2. – С. 7-11.

12. «The history of the first lyceums and the differences in education in modern times». Science in the environmentof rapid changes. – 2024. –№195.